

Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов атындағы ауданының Құлан ауылындағы емханасы бар орталық аудандық аурухананың құрылысына қаржы қаражатын бөлудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 тамыздағы N 842 қаулысы

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов атындағы ауданының Құлан ауылындағы емханасы бар орталық аудандық аурухананың құрылысына ауылда білім беру және денсаулық сақтау объектілерін салуға байланысты жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі конкурстардың қорытындылары бойынша бюджет қаражатын үнемдеу есебінен, сондай-ақ 2003 жыл ішінде инвестициялық жобалардың уақтылы іске асырылмауына байланысты 365 532 мың (үш жүз алпыс бес миллион бес жүз отыз екі мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысына :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:
IV "Шығындар" деген бөлімде:

4 "Білім беру" деген функционалдық топта:

"23450397" деген сандар "23345097" деген сандармен ауыстырылсын;

225 "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген әкімші б о й ы н ш а :

"17551390" деген сандар "17446090" деген сандармен ауыстырылсын;

400 "Ауыл мектептерін салуға облыстық бюджеттерге берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген бағдарламада "3697600" деген сандар "3592300" деген сандармен ауыстырылсын;

032 "Ауыл мектептерін салуға Атырау облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "480000" деген сандар "477500" деген сандармен ауыстырылсын;

035 "Ауыл мектептерін салуға Жамбыл облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "682600" деген сандар "664800"

деген сандармен ауыстырылсын;

043 "Ауыл мектептерін салуға Оңтүстік Қазақстан облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "1015300" деген сандар "930300" деген сандармен ауыстырылсын;

5 "Денсаулық сақтау" деген функционалдық топта:

"19003010" деген сандар "19108310" деген сандармен ауыстырылсын;

226 "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі" деген әкімші б о й ы н ш а :

"17424401" деген сандар "17529701" деген сандармен ауыстырылсын;

400 "Орталық аудандық ауруханаларды салуға облыстық бюджеттерге берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген бағдарламада "33600" деген сандар "399132" деген сандармен ауыстырылсын;

034 "Орталық аудандық ауруханаларды салуға Жамбыл облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "33600" деген сандар "399132" деген сандармен ауыстырылсын;

401 "Ауылдық перзентхана құрылысына облыстық бюджеттерге берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген бағдарламада "648360" деген сандар "634590" деген сандармен ауыстырылсын;

032 "Түркістан қаласында әйелдер кеңесі бар перзентхана үйін салуға Оңтүстік Қазақстан облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "234860" деген сандар "221090" деген сандармен ауыстырылсын;

402 "Туберкулез ұйымдарын және аудандық аурухана салуға облыстық бюджеттерге берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген бағдарламада "2318120" деген сандар "2071658" деген сандармен ауыстырылсын;

033 "Туберкулез ұйымдарын салуға Қызылорда облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "350000" деген сандар "266650" деген сандармен ауыстырылсын;

034 "Туберкулез ұйымдарын салуға Батыс Қазақстан облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "818420" деген сандар "811308" деген сандармен ауыстырылсын;

035 "Туберкулез ұйымдарын салуға Жамбыл облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "442100" деген сандар "286100" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Білім беру" деген функционалдық топта:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген әкімші б о й ы н ш а :

400 "Ауыл мектептерін салуға облыстық бюджеттерге берілетін мақсатты

инвестициялық трансферттер" деген бағдарламада "3697600" деген сандар "3592300" деген сандармен ауыстырылсын;

032 "Ауыл мектептерін салуға Атырау облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "480000" деген сандар "477500" деген сандармен ауыстырылсын;

"Мақат ауданының Доссор кентінде 1200 орындық мектеп салу" деген жолда "480000" деген сандар "477500" деген сандармен ауыстырылсын;

035 "Ауыл мектептерін салуға Жамбыл облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "682600" деген сандар "664800" деген сандармен ауыстырылсын;

"Жамбыл ауданының Пионер ауылында 400 орындық Сартбаев атындағы мектеп салу" деген жолда "135000" деген сандар "133000" деген сандармен ауыстырылсын;

"Рысқұлов атындағы ауданының Құлан ауылында 400 орындық мектеп салу" деген жолда "133700" деген сандар "131000" деген сандармен ауыстырылсын;

"Сарысу ауданының Ақтоғай ауылында 200 орындық мектептің құрылысын аяқтау" деген жолда "63500" деген сандар "50400" деген сандармен ауыстырылсын;

043 "Ауыл мектептерін салуға Оңтүстік Қазақстан облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "1015300" деген сандар "930300" деген сандармен ауыстырылсын;

"Сайрам ауданының Қарабастау ауылында 719 орындық Аймауытов атындағы N 54 мектепті салу" деген жолда "109300" деген сандар "103800" деген сандармен ауыстырылсын;

"Түркістан қаласы Яссы ауылында 1266 және 1200 орындық екі мектеп салу" деген жолда "410000" деген сандар "361600" деген сандармен ауыстырылсын;

"Отырар ауданының Шәуілдір ауылында 800 орындық Жамбыл атындағы мектептің құрылысын аяқтау" деген жолда "270900" деген сандар "239800" деген сандармен ауыстырылсын;

"Денсаулық сақтау" деген функционалдық топта:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі" деген әкімші б о й ы н ш а :

400 "Аудандық орталық ауруханаларды салуға облыстық бюджеттерге берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген бағдарламада "33600" деген сандар "399132" деген сандармен ауыстырылсын;

034 "Орталық аудандық ауруханалар салуға Жамбыл облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада:

"33600" деген сандар "399132" деген сандармен ауыстырылсын;

"125 төсектік Мойынқұм орталық аудандық ауруханасы, Мойынқұм ауылы 33600"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"150 төсектік Т. Рысқұлов атындағы орталық аудандық емханасы бар аурухана, Құлан ауылы 365532";

401 "Ауылдық перзентхана құрылысына облыстық бюджеттерге берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген бағдарламада "648360" деген сандар "634590" деген сандармен ауыстырылсын;

032 "Түркістан қаласында әйелдер кеңесі бар перзентхана үйін салуға Оңтүстік Қазақстан облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "234860" деген сандар "221090" деген сандармен ауыстырылсын;

402 "Туберкулез ұйымдарын және аудандық аурухана салуға облыстық бюджеттерге берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген бағдарламада "2318120" деген сандар "2071658" деген сандармен ауыстырылсын;

033 "Туберкулез ұйымдарын салуға Қызылорда облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "350000" деген сандар "266650" деген сандармен ауыстырылсын;

"Арал ауданының 100 төсектік туберкулез диспансері, Арал қаласы" деген жолда "150000" деген сандар "119500" деген сандармен ауыстырылсын;

"Сырдария ауданының 50 төсектік туберкулез ауруханасы, Тереңөзек кенті" деген жолда "100000" деген сандар "74250" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қармақшы ауданының 60 төсектік туберкулез ауруханасы, Жосалы кенті" деген жолда "100000" деген сандар "72900" деген сандармен ауыстырылсын;

034 "Туберкулез ұйымдарын салуға Батыс Қазақстан облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "818420" деген сандар "811308" деген сандармен ауыстырылсын;

"Бөрілі ауданының 50 төсектік туберкулез ауруханасы, Ақсай қаласы" деген жолда "286120" деген сандар "282425" деген сандармен ауыстырылсын;

"Казталов ауданының 50 төсектік туберкулез ауруханасы, Казталов ауылы" деген жолда "303400" деген сандар "302736" деген сандармен ауыстырылсын;

"Сырым ауданының 25 төсектік аудандық орталық ауруханасының жанындағы туберкулез бөлімшесі, Жәмбейіт ауылы" деген жолда "228900" деген сандар "226147" деген сандармен ауыстырылсын;

035 "Туберкулез ұйымдарын салуға Жамбыл облыстық бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген кіші бағдарламада "442100" деген сандар "286100" деген сандармен ауыстырылсын;

"Мойынқұм ауданының 40 төсектік туберкулез ауруханасы, Мойынқұм ауылы" деген жолда "162000" деген сандар "6000" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "Жамбыл облысындағы жер сілкінісінің салдарларын жою және әлеуметтік маңызды объектілерді қалпына келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 540 қаулысына :

көрсетілген қаулымен мақұлданған Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов атындағы ауданындағы жер сілкінісінен зардап шеккен объектілерді қалпына келтіру жөніндегі 2003-2004 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

"2. Денсаулық сақтау объектілері" деген бөлімде реттік нөмірі 12-жолдың төртінші бағанында "165" деген сандар "150" деген сандармен ауыстырылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК